Жобалау-сметалық құжаттарды мемлекеттік сараптамадан өткізу бойынша түсіндірме

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабы 3-тармағы 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабы 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен **форматтық-логикалық бақылауды** ескере отырып жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 64-3-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік монополияға жататын ведомстводан тыс кешенді сараптаманы **мемлекеттік сараптама ұйымы** жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы №88 Қаулысымен облыс орталықтары мен Ақмола және Алматы қалаларындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорындарымен жобаларға мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама (Мемлекеттік сараптама) құрылды.

Мемлекеттік сатып алу порталының **форматты – логикалық бақылау ережесінде** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен («Мемсараптама» РМК) **тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен шарт жасау айқындалған**.

"Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Келінтөбе магистралдық каналының әрлендіретін каналына бас саға құрылысын салу" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмысына «Мемсараптама» РМК-мен шарт жасасу қажет.

Басқарма басшысы **Ғ. Еркебай**